

**БЕКІТЕМІН**  
«Бірінші кредиттік  
бюро» ЖШС Бас директоры

\_\_\_\_\_ А. Беков

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2026ж.

#### **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

##### **DMAS электрондық сауда-саттық алаңының**

18.11.2024 ж. енгізілген өзгерістермен

11.03.2025 ж. енгізілген өзгерістермен

24.04.2025 ж. енгізілген өзгерістермен

20.04.2026 ж. енгізілген өзгерістермен

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. DMAS электрондық сауда алаңының осы Ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының «Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Заңының (бұдан әрі – мемлекеттік реттеу туралы Заң) 15-18-бабы 4-тармағына, банк және микроқаржы активтерін сату жөніндегі электрондық сауда алаңында сауда-саттық өткізу ережелерінің 3-тармағына, оның ішінде саудаға қойылған мүлікке қатысты саудаға қатысушылар тарапынан ақпаратты ашу талаптарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 20 наурыздағы №12 қаулысымен бекітілген (бұдан әрі – ҚНРДА №12 қаулысы) сәйкес әзірленген және электрондық сауда алаңы DMAS-тың құқықтық мәртебесін, ұйымдастырушылық негіздерін және саудаға қатысушылармен өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды.
2. DMAS электрондық сауда-саттық алаңы (бұдан әрі – ЭСП) интернет-ресурста <https://dmas.kz> сауда-саттық жүргізу үшін қатысушыларға сауда инфрақұрылымын ұсынатын мамандандырылған электрондық сауда алаңы болып табылады.
3. Оператор ЭСП-да төменде көрсетілген ақпараттың орналастырылуын қамтамасыз етеді:
  - 1) Оператордың атауы, орналасқан жері, телефон нөмірі, банктік деректемелері (банктік сәйкестендіру коды, жеке сәйкестендіру коды);
  - 2) Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Оператор қызметін жүзеге асыруға арналған рұқсатының болуы;
  - 3) аталған Ережелерде;
  - 4) Оператор мен сауда-саттыққа қатысушылар арасында жасалатын ЭСП қызметтерін пайдалану туралы шартта.
4. Осы Ережелерде Қазақстан Республикасының заңнамасында, ҚНРДА №12 қаулысында көзделген анықтамалар, сондай-ақ төменде келтірілген терминдер мен қысқартулар қолданылады:
  - **Оператор** – сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу, ЭСП-ның техникалық қолдауын және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС;
  - **Сауда-саттыққа қатысушы** – екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі – банктер), жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымдар, бас банктің күмәнді және қайтарымсыз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымдары, микроқаржы ұйымдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы Заң) 63-бабында және Қазақстан Республикасының «Микроқаржы қызметі туралы» Заңының (бұдан әрі – Микроқаржы қызметі туралы Заң) 9-1-бабында белгіленген шектеулерге сәйкес өзге де тұлғалар;
  - **Сатып алушы** – «Сатып алушы» рөліне ие сауда-саттыққа қатысушы, оның ішінде сауда-саттыққа қатысуға өтінім беру арқылы Активті сатып алуды көздейтін әлеуетті сатып алушы;
  - **Сатушы** – «Сатушы» рөлі бар сауда-саттыққа қатысушы;
  - **Аукцион залы** – сауда-саттыққа қатысушылар баға ұсыныстарын беретін виртуалды кеңістік;
  - **Сауда-саттық өткізу хаттамасы** – сауда-саттық нәтижелері бойынша, сондай-ақ оның тоқтатылуы немесе ауыстырылуы жағдайында қатысушылар қол қоятын құжат;
  - **Жеңімпаз** – сауда-саттық өткізу хаттамасында жеңімпаз ретінде тіркелген «Сатып алушы» рөліндегі сауда-саттыққа қатысушы.
  - **Активтер** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЭСП-да сауда-саттыққа шығарылатын, мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 1-тармағында көзделген мүлік түрлері және (немесе) құқығы (талап ету құқығы), атап айтқанда:
    - 1) Банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, бас банктің төленуі күмәнді және қайтарылмайтын активтерін сатып алатын банк еншілес ұйымының «Банктер және банк қызметі туралы» Заңның 28-бабының 1-тармағында көрсетілген мүлкі;
    - 2) микроқаржы ұйымының мүлкі, «Микроқаржы қызметі туралы» Заңның 7-бабы 2-тармағының 11-7) тармақшасының бірінші бөлігінде көрсетілген;

- 3) банктік қарыз шарты және микроқарыз беру шарты бойынша құқығы (талап ету құқығы);
- **Хабарландыру** – Сатушының ЭСП-да Активке қатысты сауда-саттық өткізу туралы жариялаған хабарламасы;
  - **Баға ұсынысы** – сауда-саттық өткізу барысында ағымдағы бағаны өзгерту тәсілі, ол Сатып алушы сауда шарттарына сәйкес көрсеткен ақша сомасы түрінде білдіріледі;
  - **Шарт** – сатып алу-сату шарты және (немесе) банктік қарыз шарты мен микроқарыз беру шарты бойынша құқығынан (талап ету құқығынан) шегіну шарты;
  - **АЕК** – ағымдағы жылға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есептік көрсеткіш;
  - **NDA** – Сатушы мен Сатып алушы арасында немесе сауда-саттыққа қатысушылар мен Оператор арасында жасалатын ақпаратты жария етпеу туралы келісім;
  - **ЭЦҚ** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген электрондық цифрлық қолтаңба;
  - **ЖСН** – жеке сәйкестендіру нөмірі;
  - **БСН** – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
  - **Автоұзарту** – сатушы белгілеген аралық бойынша соңғы баға ұсынысы түскен сәттен бастап есептелетін, бағаны арттыру бойынша сауда-саттықтың аяқталу уақытын автоматты түрде ұзартуды қамтамасыз ететін ЭСП функционалы;
  - **Баға ұсынысын автоматты түрде беру функционалы** – ЭСП-ның сауда-саттыққа қатысушы алдын ала белгілеген бастапқы құны, аукцион қадамы және ең жоғары баға шегі аясында баға ұсыныстарын автоматты түрде енгізуді қамтамасыз ететін функциясы.

Терминдер, қысқартулар және анықтамалар бас әріппен де, кіші әріппен де, кез келген сан мен септік түрінде қолданылуы мүмкін.

## **2-тарау. Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу тәртібі**

5. Сауда-саттыққа және/немесе хабарландыру жариялауға қатысу үшін ЭСП-де тіркеліп, сауда-саттыққа қатысушының есептік жазбаларын алуы қажет.
6. ЭСП-де тіркелмеген сауда-саттыққа қатысушыға жарияланған сауда-саттық/хабарландырулар туралы ақпаратты қарау, сондай-ақ хабарландыруларды іздеу және сауда-саттық деректерін көру үшін шектеулі функцияларға қолжетімділік беріледі.
7. Сауда-саттыққа қатысушыны тіркеу, сондай-ақ ЭСП-да заңдық маңызы бар әрекеттерді жүзеге асыру үшін сауда-саттыққа қатысушының ЭЦҚ-сы пайдаланылады.
8. ЭСП-да тіркелу үшін сауда-саттыққа қатысушы Ережелерге 1-қосымшаға сәйкес «ЭСП-да сауда-саттыққа қатысушыны тіркеу жөніндегі Нұсқаулыққа» сай әрекеттерді орындауға және төменде көрсетілген талаптарға ие болуға тиіс:
  - қолданыстағы ЭЦҚ;
  - жүйеге кіру үшін логин ретінде пайдаланылатын жарамды телефон нөмірі;
  - жарамды электрондық пошта;
  - орнатылған NCLayer ([https://pki.gov.kz/docs/nl\\_ru/](https://pki.gov.kz/docs/nl_ru/) сілтеме бойынша орнату нұсқаулығына сәйкес);
9. Сауда-саттыққа қатысушы ЭСП-да тіркелу барысында ЭЦҚ арқылы ЭСП қызметтерін пайдалану туралы шартқа қол қояды, содан кейін оған тиісінше Сатушы және Сатып алушы рөлінде сауда-саттыққа қатысу мүмкіндігі беріледі.
10. ЭСП-да Сатушы рөлінде тіркелген жағдайда Сатушыға ЭСП-да сауда-саттықты өткізуге дайындық жүргізу, оның ішінде сауда өткізу туралы хабарландыруды орналастыру мүмкіндігі беріледі. ЭСП-да Сатып алушы рөлінде тіркелген кезде Сатып алушыға Ережелердің 8-тарауында көзделген тәртіпке сәйкес сауда-саттыққа шығарылған Активтер туралы ақпаратқа қолжетімділік беріледі.

## **3-тарау. Сауда-саттыққа қатысушылармен ЭСП қызметтерін пайдалану туралы шарт жасау**

11. ЭСП-да тіркелгеннен кейін сауда-саттыққа қатысушы ЭСП қызметтерін пайдалану туралы шарт талаптарымен танысуы тиіс. Аталған шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес жария оферта ретінде танылады, ал оның талаптарын толық әрі сөзсіз қабылдау (акцепт) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 396-бабына сәйкес, шартта көзделген конклюденттік

әрекеттерді сауда-саттыққа қатысушы жасаған кезде шарт талаптары қабылданған деп есептеледі.

12. Жария оферта <https://dmas.kz> интернет-ресурсында орналастырылады.
13. Сауда-саттыққа қатысушының Акцепті оның ЭЦҚ арқылы офертасына қол қою сәтінен бастап қабылданды деп есептеледі.

**4-тарау. Оператор мен сауда-саттыққа қатысушылар арасында жасалатын ЭСП қызметтерін пайдалану туралы шарттың талаптары, оның ішінде тараптардың құқықтары мен міндеттері**

14. ЭСП қызметтерін пайдалану туралы шартта қызмет көрсету талаптары, тараптардың құқықтары мен міндеттері, жауапкершілігі, құпиялылық ережелері, Оператор сыйақысының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ өзге де талаптар қамтылады.

**5-тарау. Сауда-саттыққа шығарылған Активтерге қатысты хабарландыруларды жариялау және танысу тәртібі**

15. Мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген Активтерді ЭСП-да сауда-саттық өткізуге орналастырғанға дейін Сатушы әрбір Актив бойынша төмендегі әрекеттердің орындалуын қамтамасыз етеді:
  - 1) Активті сату туралы өтінімді жасау, ол келесі мәліметтерді қамтиды:
    - тіркеуші орган берген Активтің тіркеу нөмірі;
    - тіркеуші органның Активті тіркеу күні;
    - Актив иесіне тиесілі ЖСН/БСН;
    - Активтің атауы және орналасқан жері;
    - Активтің техникалық сипаттамалары;
    - Активтің фотосуреттері;
    - сауда-саттық өткізу мақсаттары үшін өзге де қажетті мәліметтер.
  - 2) Активке құқық белгілейтін құжаттардың электрондық көшірмелерін енгізу.
  - 3) бірнеше объектіні сату туралы өтінімді жасау, келесі жағдайларда:
    - объектілер бірыңғай өндірістік кешенге кіреді;
    - объект бірыңғай жер телімі және онда орналасқан құрылыстар деп есептеледі;
    - объектілер бұрын бірыңғай кепіл заты болған.
16. Мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген Активтерді ЭСП-да сауда-саттық өткізу үшін орналастырғанға дейін Сатушы әрбір Актив бойынша келесі мәліметтерді қамтитын Активті сату туралы өтінімді жасауды қамтамасыз етеді:
  - келісім болған жағдайда «Банктер туралы» Заңның 69-бабы 4-тармағына сәйкес банктік қарыз шартының нөмірі мен жасалған күні және (немесе) келісім болған жағдайда «Микроқаржы қызметі туралы» Заңның 21-бабы 3-тармағына сәйкес микроқарыз беру шартының нөмірі мен жасалған күні;
  - қарыз алушының ЖСН/БСН-і, «Банктер туралы» Заңның 69-бабы 4-тармағына және (немесе) «Микроқаржы қызметі туралы» Заңның 21-бабы 3-тармағына сәйкес келісім болған жағдайда;
  - кредит берушіге тиесілі ЖСН/БСН;
  - банктік қарыз шарты және (немесе) микроқарыз беру шарты бойынша құқығынан (талап ету құқығынан) шегінуді жүзеге асыратын тұлғаның ЖСН/БСН-і;
  - банктік қарыз шарты және (немесе) микроқарыз беру шарты бойынша берешек мөлшері;
  - банктік қарыз шарты және (немесе) микроқарыз беру шарты бойынша мерзімі өткен күндер саны (болған жағдайда);
  - кепіл туралы ақпарат (болған жағдайда), оның ішінде кепіл нысанының атауы, орналасқан жері, кепіл нысаны иесінің ЖСН/БСН-і;
  - сауда-саттық өткізу мақсаттары үшін өзге де қажетті мәліметтер.
17. Сауда-саттық өткізу үшін Сатушы ЭСП-да хабарландыруды орналастырып, оған мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген Активтерге қатысты сатып алу-сату шартының жобасын және (немесе) 3) және 4) тармақшаларында көзделген Активтерге

қатысты құқығынан (талап ету құқығынан) шегіну шартының жобасын қоса тіркейді. Хабарландыру сауда-саттық өткізілгенге дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын орналастырылады.

18. Сауда-саттық өткізу туралы хабарландыру келесі мәліметтерді қамтиды:
  - 1) сауда-саттық өткізу тәсілі;
  - 2) мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 1-тармағында көзделген өткізілетін Активтің түрі;
  - 3) бастапқы баға және Актив сауда-саттықта сатылмайтын ең төменгі баға (бұдан әрі - резервтік баға);
  - 4) сауда-саттықты өткізу күні мен уақыты (ЭСП-да орналастырылған күннен бастап кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын белгіленеді);
  - 4-1) бағаны арттыру тәсілімен өткізілетін сауда-саттық кезінде автоұзартудың болуы;
  - 5) Актив бойынша Сатушы ұсынатын құжаттардың тізбесі;
  - 6) кепілдік жарнаның мөлшері, оны енгізу тәртібі мен мерзімі, Оператордың банктік деректемелері (БСК, ЖСК);
  - 7) сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімдері (бұдан әрі – өтінім).
19. Сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдерін беру хабарландыру орналастырылған күннен бастап жүзеге асырылады және сауда-саттық басталғанға дейін 24 (жиырма төрт) сағат бұрын аяқталады.
20. Сауда-саттыққа қатысушының өтінімі сауда шарттарымен қатысушының келісімін қамтиды.
21. Өтінімде көрсетілген деректер мемлекеттік дерекқорлардан және Оператордың ақпараттық жүйелерінен автоматты түрде алынбаған жағдайда, сауда-саттыққа қатысушы оларды өзі енгізеді, сондай-ақ өтінімге растайтын құжаттарды қоса тіркейді.
22. Сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдерін тексеру нәтижелері бойынша Сатушы Операторға өтінімді қабылдау туралы не оны қабылдаудан бас тарту себептері туралы хабарламаны Ережелердің 7-тарауына сәйкес жолдайды.
23. Өтінімді қабылдаудан бас тарту негіздері:
  - 1) сауда-саттық басталған сәтте хабарландыруда көрсетілген кепілдік жарнаның Оператордың банктік шотына түспеуі;
  - 2) сауда-саттыққа қатысушының мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 3-тармағына сәйкес келмеуі;
  - 3) әлеуетті сатып алушылардың бір-біріне қатысты Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 64-бабына және «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 12-1-бабына сәйкес үлестесті (аффилиирленген) болуы;
- 23-1. Өтінімдерді тексеру нәтижелері бойынша Оператор сауда-саттыққа қатысушыға ЭСП-да көрсетілген электрондық пошта мекенжайына өтінімді қабылдау туралы немесе бас тарту себептері көрсетілген электрондық хабарламаны жолдайды.
24. ЭСП-да сауда-саттықтың басталу және аяқталу мерзімдері төмендегідей белгіленеді:
  - 1) Сауда-саттықтың басталу күні мен уақыты:
    - хабарландыру орналастырылған күннен бастап сауда-саттық басталғанға дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын;
    - басталу күні демалыс және мереке күндеріне түспеуі тиіс;
    - басталу уақыты Астана қаласының уақыты бойынша 10:00-ден ерте емес, 15:00-ден кеш емес;
  - 2) Сауда-саттықтың аяқталу күні мен уақыты:
    - Аяқталу уақыты Астана қаласының уақыты бойынша 17:00-ден кешіктірілмейді;
    - аяқталу күні басталу күнімен сәйкес келуі тиіс;
25. ЭСП-да келесі валидация тәртібі белгіленеді:
  - 1) Бастапқы баға:
    - бағаны арттыру тәсілімен сауда-саттық өткізу кезінде бастапқы баға резервтік баға деңгейінде белгіленеді;
    - бағаны төмендету тәсілімен сауда-саттық өткізу кезінде бастапқы баға нарықтық құнның 200%-ынан аспайтын, бірақ резервтік баға мен аукцион қадамының сомасынан төмен емес мөлшерде белгіленеді;
  - 2) Резервтік баға:

- резервтік баға нарықтық құнның 100%-ынан аспайды;
- 3) Аукцион адымы:
- резервтік бағаның 5%-ынан аспайды.

#### **6-тарау. Сауда-саттыққа қатысушының кепілдік жарнасы**

26. Сауда-саттыққа қатысушының кепілдік жарнасы сатылатын Актив бойынша саудаға қатысу кезінде өтінім беру барысында мәлімделген шарттарда шарт жасасуды қамтамасыз ету үшін енгізіледі және ол сауда басталғанға дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей төленуі тиіс. Кепілдік жарнаның мөлшері Активтің резервтік бағасының 10 (он) пайызын құрайды, бірақ 50 (елу) АЕК-тен кем емес және 30 (отыз) мың АЕК-тен аспайды.
27. Сатып алушы бірнеше сауда-саттыққа қатысу ниетін білдірген жағдайда, ол әрбір сауда-саттық бойынша жеке өтінім беріп, әр өтінім үшін кепілдік жарна енгізуі қажет. Кепілдік жарна Оператордың сауда-саттық өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген банктік деректемелеріне қабылданады.
28. Кепілдік жарнаны Оператор қайтаруды сауда-саттық аяқталғаннан кейін ЭСП-да қалыптастырылатын кепілдік жарнаны қайтару туралы өтінімді сауда-саттыққа қатысушы растаған сәттен бастап немесе қатысушының кепілдік жарнаны қайтару туралы өтінім беруі арқылы, бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Кепілдік жарна сауда-саттыққа қатысушыға кепілдік жарнаны қайтару туралы өтінімде көрсетілген банктік шотқа қайтарылады.
29. Сауда-саттық нәтижесінде сатылған Актив бойынша шартқа қол қойылғаннан кейін, сауда жеңімпазы енгізген кепілдік жарна шарт бойынша міндеттемелерді орындау есебіне жатқызылады және Оператор тарапынан Сатушының банктік шотына 3 (үш) жұмыс күні ішінде аударылады. Жеңімпаз Оператор белгілеген мерзімде шартқа қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Сатушы ЭСП-да қалыптастырылатын сауда-саттық нәтижелерін жою туралы актіге ЭЦҚ арқылы қол қояды және аталған Актив күші жойылған сауда шарттарымен қайтадан саудаға шығарылады.
30. Ережелердің 29-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдай туындаған кезде, жеңімпаз енгізген кепілдік жарна Оператор тарапынан Сатушының банктік шотына 3 (үш) жұмыс күні ішінде аударылады.
31. Мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-21-бабының 5 және 8-тармақтарында көзделген жағдайлар туындаған кезде, Оператор сауда-саттыққа қатысушылардың енгізген кепілдік жарналарын қайтарады және Сатушы мен қатысушыларды сауда-саттықтың күшін жою және оны жою себептері туралы хабардар етеді.

#### **7-тарау. Сауда-саттыққа қатысушылар арасындағы және (немесе) Оператор мен қатысушылар арасындағы электрондық хабарламалар алмасу тәртібі**

32. Сауда-саттыққа қатысушылар арасындағы және (немесе) Оператор мен қатысушылар арасындағы электрондық хабарламалар алмасу ЭСП-да тіркеу кезінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайларына жолданатын электрондық хабарламалар немесе қатысушылардың жеке кабинеті арқылы жүзеге асырылады.

#### **8-тарау. Сауда-саттыққа шығарылған Активтерге қатысты ақпаратқа қолжетімділік тәртібі**

33. Сауда-саттыққа шығарылған Активтер туралы ақпаратқа қолжетімділік Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасының, банк құпиясы, микроқаржы беру құпиясы және заңмен қорғалатын өзге де құпия (бұдан әрі - қорғалатын құпия) талаптарын сақтай отырып қамтамасыз етіледі.
34. Сауда-саттыққа шығарылған Активтер туралы ақпарат қорғалатын құпияны қамтитын жағдайда, Оператор ЭСП-да Актив туралы ақпаратты ашу тәртібін сауда-саттыққа қатысушылардың NDA (құпиялылық туралы келісім) қол қоюы арқылы қамтамасыз етеді, онда, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік талаптары көзделеді.
35. Сатып алушымен NDA-ға қол қойылғаннан кейін Сатушы Актив туралы ақпаратты ұсынады.
36. Актив туралы ақпаратты ашу деңгейін Сатушы хабарландыруды қалыптастыру кезеңінде айқындайды.
- «Барлығына» – Актив туралы деректерге қолжетімділік барлық сауда-саттыққа қатысушыларға беріледі;
  - «Тек Жеңімпазға» – Актив туралы деректерге қолжетімділікті тек Жеңімпаз (шартқа қол қойылғаннан кейін) алады;
  - «Сатып алушыға» – Актив туралы деректерге сауда-саттыққа қатысуға өтінім берген және

олардың өтінімдерін Сатушы қабылдаған және/немесе Аукцион залында тіркелген барлық сауда-саттыққа қатысушылар қолжетімділік алады.

**9-тарау. Сауда-саттықты өткізу тәртібі**

37. Сауда-саттық өткізу үшін Сатушы ЭСП-да Ережелердің 18-тармағында көзделген талаптарды ескере отырып хабарландыру орналастырады және мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген Активтерге қатысты сатып алу-сату шартының жобасын және (немесе) құқығынан (талап ету құқығынан) шегіну шартының жобасын қоса береді.

- Мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген Активтер бойынша сауда-саттық өткізілгенге дейін кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын.
38. Сауда-саттық Актив бойынша бағаны арттыру немесе төмендету әдістерімен өткізіледі. Активтің бастапқы бағасы сауда-саттық әдісіне байланысты айқындалады:
- 1) бағаны арттыру тәсілімен сауда-саттық өткізу кезінде бастапқы баға резервтік баға деңгейінде белгіленеді;
  - 2) бағаны төмендету тәсілімен сауда-саттық өткізу кезінде бастапқы бағаны Сатушы белгілейді, алайда ол Активтің нарықтық құнынан 2 (екі) еседен аспауы тиіс.
39. Резервтік бағаны Сатушы белгілейді, алайда ол Активтің нарықтық құнының 100 (жүз) пайызынан аспауы тиіс.
- Сауда-саттық өтпеген жағдайда келесі сауда-саттықтың резервтік бағасын сатушы мына деңгейде белгілейді:
- екінші сауда-саттықта Активтің нарықтық құнының 70 (жетпіс) пайызынан аспайтын деңгейде;
- екінші сауда-саттықта Активтің нарықтық құнының 50 (жетпіс) пайызынан аспайтын.
40. Сауда-саттық Аукцион залында өткізіледі және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген мереке және демалыс күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін жүргізіледі.
41. Сауда-саттыққа қатысушылар сауда басталғанға дейін 1 (бір) сағат ішінде ЭЦҚ пайдалана отырып Аукцион залына кіреді. Сауда-саттық сауда өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген уақытта басталады.
- Сауда-саттыққа қатысу тікелей қатысушы арқылы немесе оның баға ұсынысын автоматты түрде беру функционалын пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.
42. Бағаны арттыру тәсілімен сауда-саттық аяқталған сәтте жеңімпаз анықталмаған жағдайда, жеңімпаз болып Активті сатып алу ниетін соңғы болып растаған сауда-саттыққа қатысушы танылады және осы Актив бойынша сауда-саттық өткізілген деп есептеледі.
43. Бағаны төмендету тәсілімен сауда-саттық 17:00 сағатта аяқталған сәтте жеңімпаз анықталмаған жағдайда, осы Актив бойынша сауда-саттық өткізілмеген деп танылады.
44. Аукцион залында сауда-саттық басталған сәтте екіден аз қатысушы болған жағдайда, осы Актив бойынша сауда-саттық өткізілмеген деп танылады.
45. Бағаны өзгерту қадамы Сатушы тарапынан Активтің резервтік бағасының 5 (бес) пайызынан аспайтын мөлшерде белгіленеді.
46. Бағаны арттыру тәсілімен сауда-саттық:
- 1) сауда-саттық басталған сәттен бастап сауда-саттыққа қатысушыға басқа қатысушы ұсынған Активтің ағымдағы ең жоғары бағасын Ережелердің 45-тармағында белгіленген 1 (бір) немесе одан да көп аукцион адымына арттыру мүмкіндігі беріледі;
  - 2) Сауда-саттық аяқталған сәтке дейін қатысушылардың ешқайсысы Активтің ағымдағы ең жоғары бағасын арттырмаған жағдайда, осы бағаны ұсынған сауда-саттыққа қатысушы жеңімпаз деп танылады және аталған Актив бойынша сауда-саттық өткізілген болып есептеледі.
47. Бағаны төмендету тәсілімен сауда-саттық:
- 1) Ережелердің 45-тармағында белгіленген бағаны төмендету қадамын қолдануға дейінгі уақытты Оператор белгілейді. Бұл ретте қадам қолдануға дейінгі уақытты есептеу тәртібі сауда-саттық ұзақтығын бастапқы баға мен резервтік баға арасындағы айырмаға бөліп, аукцион қадамына бөлу арқылы айқындалады;
  - 2) егер осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген уақыт ішінде сауда-саттық басталған сәттен бастап қатысушылардың ешқайсысы Активті сатып алуға ниетін растамаса, Активтің бастапқы бағасы Ережелердің 45-тармағында белгіленген қадамға төмендетіледі;
  - 3) егер осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген уақыт ішінде Актив бағасы төмендетілгеннен кейін де қатысушылардың ешқайсысы Активті сатып алуға ниетін растамаса, Активтің соңғы жарияланған бағасы Ережелердің 45-тармағында белгіленген қадамға төмендетіледі.
48. Бағаны төмендету тәсілімен сауда-саттықта жеңімпаз болып Активті бастапқы немесе жарияланған баға бойынша сатып алуға ниетін бірінші болып растаған қатысушы танылады және осы Актив бойынша сауда-саттық өткізілген болып есептеледі.
- Егер Активтің бағасы резервтік бағаға дейін төмендеп, бірақ қатысушылардың ешқайсысы сатып алуға ниетін растамаса, сауда-саттық өткізілмеген деп танылады.

49. Ережелердің 43, 44-тармақтарында және 48-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда Сатушы сауда-саттықтың өтпегені туралы актіге қол қояды.  
Сауда-саттықтың өтпегені туралы акт ЭСП-да қалыптастырылады, одан кейін Оператор сауда нәтижелері туралы «Сауда-саттық өткізілмеді» мәртебесімен ақпарат жариялайды және актіні Сатушыға жолдайды.
50. Тікелей атаулы сату ЭСП-да мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген Активтер бойынша кемінде 3 (үш) немесе одан да көп сауда-саттықтың өтпегені туралы акт негізінде жүргізіледі.
51. Сауда-саттық өтпеген деп танылған жағдайда келесі сауда-саттық бірінші өтпегені туралы актіге қол қойылған күннен бастап кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күннен кейін өткізіледі.
- 51-1. Мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген Активтерге қатысты тікелей атаулы сату жүргізілген жағдайда, Активтің бағасы соңғы өткізілмеген сауда-саттықта белгіленген резервтік бағадан төмен емес деңгейде белгіленеді.
52. ЭСП-да сауда-саттық аяқталғаннан кейін жеңімпаз автоматты режимде айқындалады. Жеңімпаз туралы хабарлама жеңімпазға жіберіледі, ал басқа барлық Сатып алушылар Ережелердің 7-тарауына сәйкес ұтылғаны туралы тиісті хабарлама алады.
53. Әрбір сатылған Актив бойынша сауда нәтижелері ЭСП-да Сатушы мен сауда-саттыққа қатысушылардың ЭЦҚ пайдалана отырып, сауда өткізілген күні қол қоятын сауда нәтижелері туралы хаттамамен рәсімделеді.
54. Сауда нәтижелері туралы хаттама сауда қорытындыларын тіркейтін құжат болып табылады және Жеңімпаз бен Сатушы арасында шарт жасасуға негіз болып табылады. Хаттама Сатушы мен Жеңімпаздың қолдары болған жағдайда жарамды болып табылады.
55. Жеңімпаз ЭСП-да сауда нәтижелері туралы хаттаманың автоматты түрде қалыптастырылуы арқылы айқындалады, одан кейін Оператор сауда нәтижелері туралы «Сауда-саттық өткізілді» мәртебесімен ақпарат жариялап, хаттаманы Ережелердің 7-тарауына сәйкес қатысушыларға жолдайды.

#### **10-тарау. Сауда-саттыққа қатысушылардың шарт жобасын келісу және оған өзгерістер енгізу тәртібі**

56. ЭСП сауда-саттыққа қатысушыларға шарт жобаларын келісу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, ал қажет болған жағдайда қатысушылар шарт жобасына өзгерістер енгізуді бастай алады.
57. Шарт жобасын келісу немесе оған өзгерістер енгізу бойынша әрекеттерді жүзеге асыру үшін сауда-саттыққа қатысушы басқа қатысушыға электрондық хабарламалар алмасу арқылы шарт жобасын келісу туралы немесе шарт жобасына өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы тиісті хабарламаны, ұсынылатын өзгерістерді қоса отырып жолдайды.
58. Шарт жобасы келісілгеннен кейін сауда-саттыққа қатысушы ЭСП-да оның түпкілікті нұсқасын орналастырады.

#### **11-тарау. Шарт жасау тәртібі**

59. Сауда-саттыққа қатысушыларға шарт жасасу үшін сауда-саттық өткізілген деп танылған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде ЭСП арқылы келесі құжаттарға ЭЦҚ пайдалана отырып (PDF форматында) қол қою қажет:
- келісілген шарт жобасы;
  - шарт тараптарының өзара ақшалай міндеттемелерді реттегенін растайтын құжат;
  - шарт тараптарының Активті қабылдау-тапсыру жөніндегі міндеттемелерді реттегенін растайтын құжат.
60. Саудаға шығарылған Актив бойынша Жеңімпазға ақпаратты ашу Сатушы тарапынан мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген Активтерге қатысты сатып алу-сату шарты және (немесе) 3) және 4) тармақшаларында көзделген Активтерге қатысты құқығынан (талап ету құқығынан) шегіну шарты негізінде жүзеге асырылады.
61. Сатушы мен Жеңімпаз Ережелердің 59-тармағында көзделген құжаттарға қол қойғаннан кейін шарт жасалған болып есептеледі.

#### **12-тарау. Өткізілген сауда-саттық нәтижелерін жариялау тәртібі**

62. Сауда-саттық ЭСП-да аяқталғаннан кейін өткізілген сауда-саттықтың нәтижелері интернет-ресурста

жарияланады:

<https://dmas.kz>

1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей.

**13-тарау. Сауда-саттықта сатылған Активтер бойынша жасалған шарттар шеңберінде тараптардың ақшалай міндеттемелерін орындау тәртібі**

63. Тараптардың ақшалай міндеттемелерін орындау шарттары Шартпен айқындалады.
64. Тараптардың ақшалай міндеттемелері Сатушы Жеңімпаздың өз міндеттемелерін орындауын төлем тапсырмасы, банктік үзінді көшірме және/немесе өзге де құжаттардың болуы арқылы растаған жағдайда орындалған болып есептеледі.

**14-тарау. ЭСП-да сауда-саттыққа қатысушылардың әрекеттерін есепке алу тәртібі**

65. Сауда-саттыққа қатысушылардың барлық әрекеттері хаттамаланып, ЭСП қатысушылары арасындағы даулар туындаған жағдайда пайдалану үшін цифрлық із түрінде сақталады.
66. Сауда-саттыққа қатысушылар әрекеттерінің цифрлық ізін сақтау мерзімі банктік және микроқаржы активтерін сату бойынша электрондық сауда алаңының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібімен айқындалады.

**15-тарау. Сауда-саттыққа қатысушылардың ЭСП қызметтерін пайдаланғаны үшін Операторға сыйақы төлеудің мөлшері, тәртібі және мерзімдері**

67. Жеңімпаз ЭСП қызметтерін пайдаланғаны үшін Операторға сыйақыны сауда-саттық аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Оператор мен сауда-саттыққа қатысушы арасында жасалған ЭСП қызметтерін пайдалану туралы шартта белгіленген тәртіппен төлейді.
68. Сыйақы мөлшері шарт бағасының пайызымен айқындалады және Оператор тарапынан Ережелердің 2-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

**16-тарау. ЭСП пайдалану мәселелері бойынша сауда-саттыққа қатысушылардың және (немесе) өзге де тұлғалардың өтініштерін Оператордың қарау тәртібі мен мерзімдері**

69. ЭСП пайдалану мәселелері бойынша сауда-саттыққа қатысушылардың және (немесе) өзге де тұлғалардың өтініштері [info@1cb.kz](mailto:info@1cb.kz) электрондық поштасына хабарлама жолдау арқылы тіркеледі.
70. Оператор түскен өтініштерді олар тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні өткеннен кейін қарайды.

**17-тарау. Өткізілген сауда-саттық нәтижелері бойынша ЭСП-да ақпаратты жариялау тәртібі**

71. Есепті ай ішінде өткізілген сауда-саттық нәтижелері бойынша жиынтық ақпарат ЭСП-да есепті айдан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірілмей жарияланады.

**18-тарау. Сауда-саттыққа қатысушылар үшін ЭЦҚ және көпфакторлы аутентификацияны қолдану (пайдалану) тәртібі**

72. ЭСП-да сауда-саттық өткізу үшін қатысушылар төмендегілерге ЭЦҚ арқылы қол қоюы міндетті:
- ЭСП-на тіркелу өтінімі – сауда-саттыққа қатысушыларды сәйкестендіру және КҮС рәсімдерін жүргізу мақсатында;
  - Сауда-саттыққа қатысу өтінімі – қатысушының саудаға қатысу құқығын тексеру мақсатында;
  - Аукцион залына тіркелу – сауда-саттыққа қатысушыларды анықтау мақсатында;
  - Сауда өткізу хаттамасы – сауда нәтижелерін бекіту мақсатында;
  - Шарт жасау – Сатушы мен Жеңімпаз арасында шартты жасауды ресімдеу мақсатында;
73. ЭЦҚ арқылы қол қойылмауы салдары келесідей:
- ЭСП-на тіркелу өтініміне ЭЦҚ қойылмаған жағдайда – қатысушы ЭСП-да тіркелмейді;
  - Сауда-саттыққа қатысу өтініміне ЭЦҚ қойылмаса – қатысушы саудаға жіберілмейді;
  - Аукцион залына тіркелу әрекеті ЭЦҚ-сыз болса – қатысушы ставка жасай алмайды;
  - Сауда өткізу хаттамасына ЭЦҚ қойылмаған жағдайда – қатысушы бұғатталады;

- Шартқа қол қойылмаған жағдайда (Жеңімпаздың бас тарту жағдайларын қоспағанда) – Жеңімпаз бұғатталады.

74. Көпфакторлы аутентификация сауда-саттыққа қатысушыларды ЭСП-да аутентификациялау / немесе авторизациялау кезінде қолданылады.

#### **19-тарау. Техникалық ақауларды басқару**

75. ЭСП-да орын алған техникалық ақау туралы есеп тіркеледі, онда техникалық ақаудың туындау күні мен уақыты, себебі, техникалық ақау әсер еткен сауда-саттық тізбесі көрсетіледі, сондай-ақ техникалық ақау жойылғаннан кейін оның аяқталу күні мен уақыты белгіленеді.
76. Сауда-саттық барысында техникалық ақау және (немесе) қателер туындаған жағдайда Оператор ақаудың және (немесе) қателердің бар екендігін тіркейді және ол туралы ЭСП-да ақпарат орналастыру арқылы барлық сауда-саттыққа қатысушыларды хабардар етеді. Қатысушының компьютерлік және (немесе) телекоммуникациялық жабдықтарында техникалық ақау болған жағдайда сауда-саттық жалғаса береді.
77. Егер ЭСП тарапынан сауда өткізуге кедергі келтіретін техникалық ақау орын алса, Оператор бұл туралы дереу Сатушы мен сауда-саттыққа қатысушыларды хабардар етеді және ақау жойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сауда-саттықты жалғастыруды ұйымдастырады. Бұл ретте сауда-саттықты жалғастыру күні мен уақыты туралы алдын ала хабарлама ЭСП-да ақпарат орналастыру және қатысушының ЭСП-да көрсетілген электрондық поштасына хабарлама жіберу арқылы беріледі.
78. Егер техникалық ақау сауда-саттық процестеріне әсер етпесе, мерзімдер ауыстырылмайды.

#### **20-тарау. Қорытынды ережелер**

79. Ережелерге өзгерістерді Оператор қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, оның ішінде ҚНРДА-ның №12 қаулысы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы №57 қаулысымен бекітілген банктік және микроқаржы активтерін сату жөніндегі электрондық сауда алаңының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидалары өзгерген кезде, сондай-ақ өзге де жағдайларда енгізеді.
80. Сауда-саттық нәтижелерін жарамсыз деп тану туралы даулар сот тәртібімен қаралады.

### ЭСП-да сауда-саттыққа қатысушыны тіркеу жөніндегі нұсқаулық

Тіркелу үшін сауда-саттыққа қатысушы төмендегі әрекеттерді орындауы тиіс:

- 1) <https://dmas.kz> парақшасын ашу;
- 2) «Жеке кабинет» батырмасын басу;
- 3) «Тіркелу» сілтемесін басу. Тіркелу заңды тұлға атынан немесе жеке тұлға (жеке тұлға, жеке кәсіпкер, заңды тұлға өкілі) атынан жүзеге асырылуы мүмкін.

#### 1. Заңды тұлғаны тіркеу

- 1) ЭСП-да заңды тұлғаны тіркеу пайдаланушының атына шығарылған заңды тұлғаның ЭЦҚ-сы және сенімхат негізінде заңды тұлға атынан әрекет ететін сауда-саттыққа қатысушыны тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Сауда-саттыққа қатысушылар саны шектелмейді, бұл ретте заңды тұлға атынан ЭСП-да бірінші болып тіркелген тұлға «Заңды тұлғаның әкімшісі» рөлін алады.
- 2) Бір телефон нөмірін (логинді) тек бір ғана сауда-саттыққа қатысушы пайдалана алады. Бір ЭЦҚ-ны немесе бір телефон нөмірін әртүрлі сауда-саттыққа қатысушылар үшін пайдалану әрекеттері анықталған жағдайда, мұндай қатысушының логині бұғатталады. Сауда-саттыққа қатысушының ЭСП-на қолжетімділігі ЭЦҚ қолданылу мерзімі аяқталған немесе ЭЦҚ кері қайтарылған жағдайда тоқтатылады.
- 3) Заңды тұлғаны тіркеу рәсімі үшін ЭСП функционалында көзделген әрекеттерді орындау қажет.
- 4) Тіркелу үшін заңды тұлға келесі деректерді енгізуі тиіс:
  - бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның атауы, бірінші басшының тегі, аты және әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);
  - банктік деректемелер (банктік сәйкестендіру коды, жеке сәйкестендіру коды);
  - байланыс деректері, оның ішінде пошталық мекенжай, телефон, факс (болған жағдайда), e-mail. Бұл ретте заңды тұлға туралы деректер ЭЦҚ деректерінен алынады және өзгертуге жатпайды. Заңды тұлға үшін әдепкі юрисдикция елі – Қазақстан Республикасы.
- 5) Заңды тұлға Активтерді сатып алу-сату қызметін жүзеге асыруға тиісті құқықтарға ие болуы тиіс. Көрсетілген құқықтар болмаған және/немесе заңды тұлға тексеру рәсімінен (compliance) өтпеген жағдайда, Оператор «Тіркелу өтінімін» келісуден бас тартуға немесе өтініш берушінің рөлін өзгертуге құқылы. Өтінім Оператормен модерацияланады.

#### 2. Жеке тұлғаны тіркеу

- 1) Жеке тұлғаны тіркеу жеке тұлғаның өз атынан әрекет ететін ЭЦҚ-сы (заңды тұлға қызметкерінің ЭЦҚ-сы емес) арқылы сауда-саттыққа қатысушыны тіркеу жолымен жүзеге асырылады.
- 2) Жеке тұлғаны тіркеу рәсімі үшін ЭСП функционалында көзделген әрекеттерді орындау қажет.
- 3) Тіркелу үшін заңды тұлға келесі деректерді енгізуі тиіс:
  - ЖСН, тегі, аты және әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);
  - банктік деректемелер (банктік сәйкестендіру коды, жеке сәйкестендіру коды);
  - байланыс деректері, оның ішінде пошталық мекенжай, телефон, факс (болған жағдайда), e-mail.

### **ОПЕРАТОР СЫЙАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ**

1. Мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген объектілерге қатысты ЭСП-да сауда-саттық өткізілген жағдайда сыйақы мөлшерін Оператордың басшылығы белгілейді және ол Актив құнының 0,5%-ынан аспайды, бірақ 10 000 АЕК-тен аспауға тиіс.
2. Мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген Активтерге қатысты ЭСП-да сауда-саттық өткізілген жағдайда сыйақы мөлшерін Оператордың басшылығы белгілейді және ол Актив құнының 3%-ынан аспайды, бірақ 10 000 АЕК-тен аспауға тиіс.